

*Ақмола облысы мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының жанындағы
«Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы» МКҚК*



ÚKILI YBYRAI ATYNDAGÝ

Aqmola oblystyq

FILARMONIASY

Көкшетау 2020

Ақмола облысы мәдениет,
архивтер мен құжаттамалар
басқармасының жанындағы
«Үкілі Ыбырай атындағы
Ақмола облыстық
филармониясы» МҚКК
директоры


Н.Шайкенова

Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының 2020 жылға арналған есебі

Көкшетау қаласы
2020 жыл

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	5
Жалпы мәліметтер	
Жыл соңындағы жағдай бойынша деректерді талдау	
Өткен жылмен салыстырғанда қызмет тиімділігінің көрсеткіштері (наградалар, көтермелеулер.....	6-14
Негізгі қызмет (I тоқсандағы әдеттегі жұмыс режимі)	
COVID-19	16-17
Дүниежүзілік індет кезеңі	
Қашықтықтан жұмыс істеуге көшу. Әлеуметтік белсенділік.	
Интернет желісінде болу	
ҚР Мәдениет министрлігінің тапсырысы бойынша іске асырылған арнайы жобалар	
Кадр құрамы туралы мәліметтер	
Бухгалтерлік есеп	
Мәселелер мен оларды шешу жолдары	
ҚОРЫТЫНДЫ	

КІРІСПЕ

Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы тек Көкшетау қаласының ғана емес, барлық Ақмола облысының әлеуметтік-мәдени кеңістігінде маңызды орында. Бұл өңіріміздің мәдени келбетін келтіріп, дамытатын жетекші концерттік мекемелерінің бірі.

Ең алдымен, филармония өз қызметімен қазіргі мәдениетте академиялық музыкалық ортаның болуын қолдайды. Басқа мәдениет мекемелеріне қарағанда филармония классикалық музыкалық мұраны насихаттайды, нәтижесінде ақмолалықтар мен өңір тұрғындарының музыкалық мәдениеті қалыптасады. Филармония қаланың зияткерлік қауымдастығын біріктіріп, мәдени элитаны қалыптастырады, классикалық, джаз және халық музыкасының танымал, бұқаралық музыкадан басымдығын көрсететін әлеуметтік парадигманы қалыптастырады.

Филармония - мемлекеттік деңгейдегі маңызды да көлемді іс-шараларды өткізетін орын. Ол ақмолалықтарды Еуропа мен Азияның кәсіби академиялық мәдениетімен таныстыратын, музыкалық мәдениет саласындағы өңіраралық байланыстарды орнататын және қолдайтын ұйым ретінде әрекет етеді. Филармония қазіргі таңда мәдени ұйым ретінде Ақмола облысы аумағындағы гастрольдік саясатты айқындап қана қоймай, аймақтық деңгейде де, сондай-ақ өңіраралық, республикалық және халықаралық деңгейде де гастрольдік өнімді ілгерілетуді қамтамасыз ететін агент рөлін атқарып келеді.

Жаңа концерттік бағдарламалар іске асырылып, бірегей ақпараттық кеңістіктер қалыптастыратын филармонияның ағартушылық қызметі де айрықша. Ағартушылық қызмет абонементтік циклдар, музыкатану дәрістері, аннотациялары бар арнайы концерттік бағдарламалар арқылы аудиториямен жүйелі жұмыс жасау негізінде жүзеге асырылады. Филармониялық кеңістікті кеңейту мақсатында интернет-технологиялар, концерттерді online режимінде трансляциялау белсенді қолданылады.

Осылайша, Ақмола облыстық филармониясы өзінің өркендеп, даму кезеңінде өңірдегі концерттік-филармониялық қызметтің жай-күйі үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, көркемдік құндылықтарды айқындауға қатысатын ұйымдарды, шығармашылық күштерді айналасына шоғырландырады, олардың өзара әрекет етуін жүйелейді. Ал ол болса мемлекеттік мәдени саясаттың осы маңызды саласын дамытудың стратегиялық бағыттарын анықтайды.

Барлық халық үшін осындай қиын уақытта рухани тәртіп мәселелері аса маңызды. Қазіргі таңда біз мәдени ортамызды жаңа оқиғалармен бұрынғыдан да молырақ толықтыруымыз қажет. Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы әрқашанда қоғамның өрлеуінің, алға басуының басты көрсеткіші болып табылатын мәдени жетістіктерді дәріптеу қажеттігін міндет етіп қойып отыр. Осы және басқа да көптеген міндеттерді пандемия кезінде жалғыз концерттік ұйым табысты орындауда, ол біздің өңіріміздің басты мәдени игілігіне айналған Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы.

Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының 2020 жылға арналған есебі

Статистикалық деректер мен негізгі көрсеткіштерді талдау. Өткен жылмен салыстырғанда қызмет тиімділігінің көрсеткіштері.

Осы есеп кезеңі бойынша филармония ұжымдарымен 220 концерт берілді (оның ішінде 29 online, 191 offline) (ал 2019 жылдың осы кезеңінде 219 концерт). Концерттерден түскен қаражат сомасы 2 440 500 теңгені құрайды (2019 жылы 19487400 теңге), 87 006 көрерменге қызмет көрсетілді, оның ішінде 4 506 offline (2019 жылы 44451 көрермен).

Осы есеп кезеңінде филармония ұжымдарымен отандық және әлем музыка мәдениетінің жоғарғы нәтижелерін кең насихаттауға бағытталған сан қырлы концерттер мен музыкалық дәрістер өткізілді. Қазіргі таңда филармония қаламыздағы алдыңғы қатарлы концерттік-ағартушылық мекемелердің бірі болып табылады, онда 8 шығармашылық ұжым жұмыс істейді. Филармония музыка өнерінің ең үздік дәстүрлерін сақтап, насихаттау мақсатында танымал жетекші әншілермен, дирижерлармен ынтымақтастықта жұмыс істеуде. Филармонияның көркемдік басымдылықтарының арасында репертуарды кеңейтуге, музыка жауһарларының алғашқы көрсетілімдерін қоюға аса мән берілген. Сонымен қатар филармония әртістері музыкалық-театр жанрларын да табысты меңгеруде.

2020 жылы ерен еңбегі үшін, жоғарғы кәсіби шеберлігі мен жеткен жетістіктері үшін келесі тұлғалар марапатталды:

- Қазақстан Республикасы Президентінің «Халық алғысы» медалімен филармония әншісі, Мәдениет қайраткері Жанат Сабыржанұлы Есов;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» құрмет белгісімен:
- К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің концертмейстері Әбілсерік Каупекұлы Камашев;
- симфониялық оркестрдің концертмейстері Жұмабике Серікпайқызы Омарова;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің құрмет грамотасымен:
- «Мюзикл» театралдық студиясының жетекшісі Татьяна Анатольевна Кирьянова;
- К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің әртісі Жұлдыз Оралқызы Жүзбаева;
- солист-аспапшы Алибек Маратович



Ахмалашиев (гитара) марапатталды.

Бірінші тоқсандағы негізгі қызмет
«Рождестволық кофехана»

7 қаңтар күні әлем бойынша барлық православие қауымы басты мерекелерінің бірі – Иса пайғамбардың туған күнін тойлайды. Осыған байланысты Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық

филармониясы 5 қаңтар күні «Музыкалық кофехана» инновациялық жобасы аясында «Рождестволық концерт» бағдарламасын көпшілік назарына ұсынды.

Музыкатанушы Юлия Никитенко Рождество мерекесінің тарихын, Киелі кітапта жазылған (библия) аңыздарды, осы мерекемен қатар жүретін салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қызықты әңгімелеп берді.

Концерт хормейстер Галина Колесникова жетекшілік еткен хордың орындауындағы С.В.Рахманиновтың «Богородица, дево, радуйся» және белгісіз автордың «Бог любит всех людей» шығармаларымен басталды. Балалар өнер мектебінің жас әншілері Маша Кокарева мен Айым Мукитанова Уэббердің «Pie Jesu» мен «В пещере ослик кушает овес» әндерін әдемі періште дауыстарымен шарықтата шырқады.



Танымал «Аве Мария» латын дұғасына талай композиторлар жүгініп, қаламына тиек еткен. Бұл кеште де «Аве Мария» шығармасының аспапқа салынған Бах-Гуно нұсқасы камералық оркестрдің және Илья Чапанидидің жеке орындауында, ал вокалға түсірілген П.Масканыдің жобасы Аягөз Қалмағамбетованың орындауында тыңдалды.

«Щелкунчик» шығармасынсыз қандай Рождество өтпек? П.И.Чайковскийдің

танымал балетінен Феи Драже биі мен «Па де де Адажио» биін симфониялық оркестрдің орындауында «Гэкку» би ансамблінің бишілері Аружан Талапкорова мен Корней Туманов сомдады. Кешті «Гэкку» би ансамблі мен Көкшетау университетінің курсанттары П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсынан алынған полонезбен безендіріп, ажарландыра түсті.

Періштелердің таңдап алған Рождество ағашы – шырша. «В лесу родилась елочка» танымал балалар әнінің Крамер өндеген нұсқасын Анна Батлукова сыбызғыда, Наталья Грицаева фортепианода ойнап, мерекелік жаңа жылдық көңіл-күй сыйлады. Эльмира Камарницкаяның орындауындағы «Белые ангелы» әнін «Гэкку» би ансамблі әдемі биімен толықтыра түсті.

Рождествода ерекше ән - Рождество әнұраны орындалады, бұл интернационалдық дәстүр. Шекті квинтеттің орындауындағы «We wish you a merry christmas» рождестволық әнұран өте танымал. Ал Германияда А.Губердің «Тихая ночь» әнінсіз Рождествоны елестету мүмкін емес. Бұл неміс халқының рождестволық әнұранын



Галина Колесникова жетекшілік еткен хор орындады. Сантаның шәпкесін киіп алып орындаған камералық оркестрдің (дирижері Жанат Рашид) «Джингл беллз» шығармасы көрермендер үшін тосын сый болды.

Рождестволық кофехана Эльмира Камарницкаяның ғажайып орындауындағы Леонарда Коэнның «Аллилуйя» танымал әнімен аяқталды, періште киімін киген «Гэкку» би ансамблінің ең кішкентай бишілері әннің көркін кіргізе түсіп, көпшіліктің көзайымына айналды.

«Рождестволық кофехана» бағдарламасы қызықты да ерекше шықты, оны тамашалауға жастардан бастап, орта және жоғарғы буын өкілдері келді. Концерт жанға жайлы ерекшелігімен мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Нұрлан Бекеновтің «Шаттан, елім» жеке концерті

Қаңтар айының 16 күні сағат 18.30-да Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының концерт залында К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрімен дарынды дирижер, композитор, «Мәдениет қайраткері»



Нұрлан Бекеновтің (Нұр-сұлтан қ.) «Шаттан, елім!» атты шығармашылық концерті өтті.

Концертте Н.Бекеновтің өзі шығарған «Орақты батыр», «Мұқали» шығармалары, Мұрат Өскенбаевтың «Жеңіс», Н.Қалқа мен Н.Бекеновтың «Туған жер», Қайрат Жүнісовтің «Қазақстан» шығармалары патриоттық тұрғыдан керемет орындалды.

Біздің концертімізде алғаш орындалған Н.Бекеновтің «Мұқағали» шығармасы «Тәуелсіздік толғауы» республикалық конкурсында «Халық аспаптар оркестрлері үшін ең үздік музыкалық шығарма» номинациясында 1 орынды жеңіп алған туынды.

Концертте Нұрлан Бекеновпен бірге 25 жылдан артық ұжымға жетекшілік етіп келе жатқан дирижер Тұрлыхожа Базаров пен болашағынан зор үміт күтуге болатын, жас дирижер Жанат Рашид та өнер көрсетті.

Бұл кеште Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының талантты әншілері де өнерлерін ортаға салды.

Серікболсын Бекмолдин Н.Тілендиевтің «Ала-



тау» әнін көрермендеріне тарту етсе, Фархат Сағымбай мен Мерғали Хамит К.Күмісбековтің «Аяулы менің мекенім» әнін тамаша орындады. Дәстүрлі әнші Шыңғыс Сәрсенбай Ақан серінің «Жиырма бес» әнін шарықтата шырқады. Ал Аягөз Қалмағанбетова әдемі, кең диапазон-



ды қоңыр даусымен, әртістік қабілетімен көпшіліктің жүрегіне жол тауып, баурап алды. Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы шақырылған қонағымыз Қайыржан Бердібаевтың өнер көрсетуі, көпшілік үшін нағыз тосын сый болды.

«Шаттан, елім» шығармашылық кешінің концерттік бағдарламасы табиғи дарын иесі Нұрлан Бекеновті қазақ музыкасының түп-тамырын терең сезіне білетін композитор, дирижер, күйші ретінде көрсете алды.

Концерт көрермендердің көңілінен шықты, олар әр шығарманы қошеметпен қарсы алып, жылы қабылдады, оркестр мен дирижерлардың, әншілердің өнеріне ризашылықтарын білдіріп, жоғары баға берді.



«Мелодия экрана» концерті

28 қаңтар күні сағат 18.30-да Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының концерт залында симфониялық оркестрдің «Мелодия экрана» атты концерті өтті, бас дирижері - Берік Сарыбай. Концерт бойы музыкалық кештің авторы, «Астана Опера» МОБТ дирижері, Республикалық конкурстардың лауреаты Алихан Идрисовтың іріктеп алған сазды әуендері орындалды. Астаналық өнер сүйер қауымның жүрегін жаулап алған бұл жоба жеті жыл қатарынан жүзеге асырылып



келеді. Экран әуендері жоба авторының заманауи өңдеуінен кейін жаңаша естіледі. Бұл жоба міне Көкшетауда да қойылып, өз көрермендерін жинады.

Дыбыстық киноны ойлап тапқаннан бері музыка мен кино бір-бірінен ажырамастай болып біртұтасты. Көрермен-тыңдармандар әрдайым әндерді тиісті фильмдерімен байланыстыра елестеді, егер біздің сүйікті

фильмдеріміз музыкасыз болса, біртүрлі, тартымсыз болып шығар еді. Ал кейде саунд-трек-

тер сол фильмдерінен де асып түсіп, танымал болып жататындығыда бар.

Концерттік бағдарламада танымал отандық, советтік және шетелдік кинофильмдерден алынған музыкалар мен әндер орындалды.

«Махаббат станциясы», «Игла», «Тот самый Мюнхгаузен», «Долгая дорога в дюнах» сынды фильмдерден алынған жүректі тербейтін әуендерді оркестр мен Алихан Идрисов рояльда орындап, тыңдармандарына әдемі көңіл-күй сыйлады. Олар сол фильмдерді көріп отырғандай әсерде болды. «Зимний вечер в Гаграх»





фильмінен алынған «Чечетка» маэстроның асқан шеберлікпен дирижерлік етуінің арқасында залдың қосыла орындауымен ерекшеленіп, көрерменін баурап алды. Бэк-вокал түрінде өнер көрсеткен хор да оркестрдің аясында қалмай, шынайы естілді.

Мерғали Хамит көпшіліктің сүйіп тындайтын «Алматы» әнін орыс және қазақ тілінде шарықтата шырқады. Жиналған қауым сонау

артта қалған советтік дәуірді еске алып, сол кездегі қарапайым адами қатынасты сағынғандай күй кешті. Ал «Мәдениет қайраткері» Гүлжан Ахметованың орындауындағы «Бөтен балалар» фильмінен алынған «Келші, келші, балашым» әні аналық сезімге, жылулыққа толы болды. Тоқсаныншы жылдардың ортасында «Тоғысқан тағдырлар» атты алғашқы қазақстандық сериал жарыққа шықты және өз кезінде өте танымал болды.


Осы сериалдағы ән де көпшілікке кеңінен танылды. Арай Абжанова мен Фархат Сағымбай осы қазақстандық саундтректі тамылжыта орындады. «Ән аға» фильмі бойынша Ш.Қалдаяқовтың ән-



дерінен құралған попури филармония әншілері: Аягөз Қалмағанбетова, Арай Абжанова, Фархат Сағымбай мен Мерғали Хамиттің орындауында ерекше әдемі, керемет шықты.

Ал әлемдік киноны сүйіп қарайтындардың назарына «Титаник» және «Шервудские зонтики» фильмдерінен алынған саундтректер ұсынылды. «Мәдениет қайраткері» Жанат Есов пен Нұргүл Нұритденнің, Эльмира Камарницкаяның орындауында әлем жауһарлары өз тілінде төл нұсқасында (француз, ағылшын тілдерінде) орындалды.

Аты аңызға айналған советтік фильмдерден алынған жүректі тербейтін әуендер де көрермендерін немқұрайлы қалдырмады. «Мәдениет қайраткері» Жанат Есовтің орындауындағы «Ақ рояль» кинофильмінен алынған А.Зацепиннің «Лунная серенада» әні алпысыншы жылдарды еске салып, фильмді тағы бір қайталап көруге деген құштарлықты оятты. «Служебный роман» фильмінен алынған «У природы нет плохой погоды» композициясын Анастасия Мельник орындады. Марина Зяблинцева «Бриллиантовая рука»



фильмінен алынған А.Зацепиннің «Помоги мне» әнін ерекше мәнерде, әртістік тұрғыда беріле орындады. Зал болса әнге қосыла шырқады. Марина Зяблинцева мен Эльмира Камарницкаяның орындауындағы «Ирония судьбы.Продолжение» кинофильмінен алынған «Опять метель» әні концертті ажарландыра түсті, көрермендер үшін тосын сый болды. Әнші Ләззат Едрисова А.Зацепиннің «Ищу тебя», «Битва за Севастополь» кинофильмінен алынған «Кукушка» әндерін жігерлене орындап, көрермендеріне жеткізе білді, әннен әсер алған көпшілік көздеріне жас алды.



Эльмира Камарницкая мен барлық әншілер қосыла шырқаған «Мэри Поппинс, до свидания» кинофильмінен алынған М.Дунаевскийдің «Ветер перемен» әнімен кеш аяқталды. Жиналған қауым кеш бойы оркестр мен әншілерге, маэстро Алихан Идрисовқа қошемет көрсетіп, ризашылықтарын білдіріп отырды. Көрермендер үшін уақыт зымырап өте шықты. Сүйікті кинофильмдерінен алынған өздері білетін ескі әндер балалық балғын шақтары мен жас кездерін еске түсірді. Осындай әдемі кешке халық көп жиналып, концерт залы лық толы болды.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Жүрегімнің түбіне терең бойла...» концерті



2020 жылдың тамыз айында ұлы қазақ ақыны, ағартушы, композитор, жазбаша қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбаевқа 175 жыл толды.

21 қаңтар күні барлық қазақстан халқы үшін маңызы зор мерекені тойлау ресми түрде басталды. Абайдың 175 жылдық мерейтойының салтанатты ашылу рәсімі Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Елбасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен «Астана Опера» театрында бастау алды. Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы да осы ауқымды іс-шараны қолдау мақсатында мерекелік концерт дайындады.

2020 жылдың 30 қаңтар күні ұлы ақынның рухани мұрасын сақтау,





дамыту, насихаттау, тарату мақсатында Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының концерт залында Ақмола облыстық филармониясының К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі мен әншілерінің қатысуымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған

«Жүрегімнің түбіне терең бойла...» концерті өтті.

Концерттік бағдарламада «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Қақтаған ән күмістей», «Ақылбайдың әні», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» «Сегіз аяқ» сынды Абайдың танымал әндері мен романстары, қара сөздері, А.Жұбановтың «Абай» операсынан ариялар орындалады.

Концерт әншілер мен хордың, оркестрдің орындауындағы «Абай» операсынан алынған «Той бастар» шығармасымен аяқталады.

Эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрінің «GOLDEN SONGS» концерті

19 қаңтар күні сағат 18:30-да Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясында эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрінің «GOLDEN SONGS» атты концерті өтті.

Дирижер «Мәдениет қайраткері» Ерназар Уразалинның жетекшілік етуімен эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрі отандық, советтік және шетелдік эстрада жұлдыздарының көбінің атын шығарып, танымал еткен 80,90,2000 жылдардағы хит шығармаларды орындады. Кон-



«ABBA» және тағы басқа да топтардың репертуарларынан әндер орындалды.

церттік бағдарламаға әлемге әйгілі болған шығармалар енгізілді, кезінде оларды орындағандар әлем жұлдыздарына айналып шарықтаса, кейбірі әлі күнге дейін сол сый-құрметке бөленіп жүр. Сондықтан да бұл композицияларды талай ұрпақ тамсана тыңдап келеді және бұл өлмес туындылар өткен ғасырдан бүгінгі күнге дейін жетті. Фрэнк Синатра, «Boney M»,



**Симфониялық оркестрдің концертмейстері
Жұмабике Омарованың
«My violin – my soul» жеке концерті**

13 ақпан күні сағат 18:00-де Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының концерт залында оркестрдің бірінші скрипкасы Жұмабике Омарованың «My violin – my soul» атты жеке концерті өтті.

Жұмабике Омарова - көптеген жылдардан бері филармонияның симфониялық оркестрінің концертмейстері. Жұмабике тығыз дайындықтар кестесіне қарамастан, ерекше музыкалық жобаларды әзірлеуге белсене қатысады, сонымен қатар камералық ансамбль мен симфониялық оркестрдің концерттерінде өнер көрсетеді, филармония ұжымдары мен басқа да солистерінің концерттік бағдарламаларына қатысады.

Жұмабике Омарова алғаш рет филармония қабырғасында жеке концертін беріп отыр. Бағдарлама таңдауға аса мән беріп, ерекше жауапкершілікпен келді. Бұл концерттің басты идеясы – музыкант өзінің сүйікті музыкалық аспабын әртүрлі жанрда және формада (жеке орындау, ансамбльмен бірге, симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен) көрсетіп, қыр-сырын ашу болатын. Концерт барысында алға қойған мақсаттар мен концерттің идеясы толық ашылып, майталман өнер иесі көрермендерін тәнті етті.

Концерттік бағдарламада классикалық шығармалармен қатар заманауи танымал шығармалар да орындалды. Концерттің соңында әріптестері мен тәлімгерлері, мэтр Марат Бисенғалиев, Абзал Мұхитдинов пен скрипкадан сабақ берген алғашқы ұстазының шын жүректен құттықтаған лебіздері бар бейнеролик көрсетілді.



Дмитрия Петюльдің «Romantic sax and violin» концерті


26-27 ақпан күндері «Музыкалық кофехана» инновациялық жобасы аясында филармонияның солист-аспапшылары Дмитрий Петюль мен Анна Ивенинаның «Romantic sax and violin» атты жеке концерті өтті. Концерт көрермендер үшін де, шараны ұйымдастырушылардың өздері үшін де ерекше форматта өтті. Көрермендерге үйреншікті кеш жүргізушісі және отыратын қатарлы орындар болған жоқ. Олардың орнына үстелдер қойылып, жұпар аңқыған кофеден дәм тататындай романтикалық жағдай жасалды. Ақмола облысының ең үздік музыканттарының бірі Дмитрий Петюльдің әріптесі Анна Ивенинамен бірлесе

саксофон және скрипка аспаптарын үйлестіре орындаған орындаулары үздік шықты. Себебі саксофон мен скрипка - бұл эмоциялар мен сезімдерді оятуға мүмкіндік беретін қиял мен шығармашылықтың кеңінен таралуына себепші аспаптар. Бұл кеште романтикалық туындылар көп болды. Саксофон мен скрипканың үйлесім табуының арқасында ауа қалықтаған әдемі сазды музыка әр адамның жан-дүниесін балқытып, жүрегінен орын алды. Дмитрий Петюль мен Анна Ивенина музыка тілінде сауатты сөйлейтіндердің бірі.




ПРЕМЬЕРА! «Шаңырақ шаттығы»

25 ақпанда «Шаңырақ шаттығы» музыкалық қойылымының премьерасы өтті. Режиссері - қаламыздағы танымал актер Жарас Қалдаров. Түсірілім күндерінің тығыз кестесіне қарамастан, актер, режиссер дайындықтарға күндер тауып, осы уақытқа дейін филармонияда бұрын соңды болмаған жаңа қойылымды дүниеге әкелді. Қойылым қазақ халқының барлық дәстүрлерін құрметтейтін және сақтайтын отбасы туралы. Актерлердің көптеген музыкалары мен көңілді, мейірімді диалогтары сахнада көрермендердің қалыпты өмірін көрсетті. Спектакль бірнеше бөлімнен тұрды, онда Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына және вальс королі Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдығына ерекше көңіл бөлінді.



COVID-19

«Коронавирус індеті барлық мемлекеттердің ұлттық экономикалары мен әлеуметтік салалары үшін, адамдар үшін үлкен сынақ болды. Дегенмен мұның бәрі даму күн тәртібіне бөгет болмауы керек»...





Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың пандемия туралы сөздері:

«Біздің буын жергілікті коронавирус індетінің таралуы қалай жаһандық пандемияға айналғанына куә болды. Оның таралу географиясы күннен-күнге кеңейіп, құрбандар саны өсуде. Біз «сұрапыл дауыл» деп атауға болатын аса қауіп-пен бетпе-бет келдік. Қазіргі уақытты шешімін табу керек міндеттердің күрделілігіне қарай 90-шы жылдардың басындағы кезеңмен салыстыруға болады, ол кезде бізге өте қиын болған еді. Коронавирустан қорғау үшін ел билігі алдын-алу шараларының кешенін әзірледі. Осы тұрғыда төтенше жағдайды енгізу-маңызды және қажетті қадам болды. Бұл әрекеттің мақсаты - **азаматтар мен мемлекеттің мүдделерін қорғау.**

Біздің бірлігіміз - ағымдағы қиындықтарды табысты еңсерудің кепілі. Қазақстан тарихында бұдан да күрделі сынақтар болды. Біз олардан аман-есен өтіп, Отанымыздың игілігі үшін жұмыс істеуді әрі қарай жалғастырдық. Бұл жолы да осылай болатынына сенімдімін. Бірлігімізді көрсететін уақыт жетті. Еліміздің барлық азаматтарын шыдамдылық танытып, мемлекет қабылдап жатқан шараларды қолдауға шақырамын. Бірлік бар кезде - біз жетпейтін биік жоқ!

Қашықтықтан жұмыс істеуге көшу. Әлеуметтік белсенділік. Интернет желісінде болу



Елімізде енгізілген карантин режимі кезеңінде Ақмола облыстық филармониясымен бірқатар онлайн іс-шаралар әзірленді. Оның ішінде ұзақтығы 10-15 минуттан тұратын апта сайынғы айдарлар да бар. 2020 жылдың

наурыз айынан бастап күн сайын әртүрлі ақпараттық сипаттағы жариялымдар шығарылып тұрды.

1. «Біз біргеміз» ұранымен роликтер, оның ішінде:

а) Филармония солисттерінің орындауында медицина қызметкерлері мен дәрігерлерді қолдауға арналған әндер;

б) Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Қайыржан Жолдыбаев (Германия), Салтанат Ахметова («Астана Опера» МОБТ), филармония әртістері: ҚР еңбек сіңірген әртісі Ғазиза Жүмекенова, Мәдениет қайраткерлері Мереке Бекмағамбетов,





Жанат Есов, Гүлжан Ахметова, шығармашылық ұжымдардың жетекшілері сынды Қазақстанның танымал тұлғаларының халыққа арнаған тілектері, бейнежолдаулары;

2. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының 3 жылдығына арналған роликтер. Роликте бағдарлама аясында жүзеге асырылған филармония жобаларының

жемісті жұмысының қорытындысы ұсынылған.

3. Қалалық мәдениет бөлімімен Жеңіс күніне арналған «Жұлдызбен бірге ән сал» бірлескен жобаның роликтері. Дуэттер: Талғат Кенжеболатов пен Эльмира Камарницкая, Қайыржан Жолдыбаев және Мереке Бекмағамбетов, Талғат Галеев және Жанат Есов, Валерия Болиева және Аягөз Қалмағанбетова;

4. Бейне құттықтаулар мен ақпараттық посттар:

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған;

7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне арналған;


9 мамыр – филармония қызметкерлерінің әкелер мен аталарының Мәңгілік полкі; соғыс жылдарындағы әндер жинағы; #батыр туралы айтыңыз айдары;

Отбасы күні; филармонияның театралдық студиясы әртістерінің қатысуымен бала-





ларды қорғау күніне арналған бірқатар іс-шаралар (сторис викторинасы, қызықты әңгімелер, таңғы жаттығулар және музыкалық театрланған қойылымдар); Медицина қызметкерлері күні (медицина тақырыбына арналған музыкалық нөмірлер); БАҚ күні;



5. Филармония шығармашылық ұжымдарының және арнайы қонақтардың қатысуымен өткен мерекелік тікелей эфирлер:

Базарбай Мұхамеджанұлы, Абзал Мирасбекұлы («Астана Опера» МОБТ дирижері);


6. Филармонияның шығармашылық ұжымдарының республикалық онлайн жобалары мен челленджерге қатысуы;

7. Филармонияның дәстүрлі әншісі Сәрсенбай Хасеновтің «Ән аманаты» жобасы. Жоба халық композиторларының, сонымен қатар Ақмола облысының заманауи композиторларының шығармашылығына арналған. Жоба авторының зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша табылған беймәлім, зерттелмеген шығармаларға арналды.



8. Екінші жарты жылдықтан бастап осы күнге дейін «Ни дня без музыки» (Шалқысын әсем әуен, би биленсін, күй төгілсін!) онлайн-жобасы іске асырылуда.

Филармонияның шығармашылық ұжымдарының өнерін күн сайын жариялау. Әртістердің жеке нөмірлері, танымал әндер мен шығармалардың кавер-нұсқаларының жариялымы.



9. «Музыкалық кофехана» жобасы әлеуметтік желілер арқылы өзінің тұрақты тыңдаушыларын қуантуды жалғастырды. Дәрістер топтамасы «Соғыс және бейбітшілік» тақырыбында ҰОС Жеңісінің 75 жылдығына арналған. «Музыка табиғаты», «Романса чудное дыхание», «Адамдар мен музыкаға, өмірге деген махаббат», «Музыкальная снежинка» атты тақырыптық концертер. Дәрісші-музыкатанушы Юлия Никитенко.

10. «Филармония өмірінің бір күні» арнайы жобасы. Бұл филармонияның шығармашылық ұжымдарының



жетекшілерімен, алдыңғы қатарлы жетекші солистерімен және Еңбек сіңірген қайраткерлерімен сұхбат форматындағы әңгіме. Жобаның авторы әрі жүргізушісі - Сәрсенбай Хасенов.

11. «Айнакөл» фольклорлық ансамблінің

«Фольклорлық аспаптар әлеміне саяхат» жобасы. Жоба дәріс түрінде балалар мен жасөспірімдер аудиториясына арналған.

12. ҚР еңбек сіңірген әртісі Фазиза Жүмекенованың «Мен шырқаған бір әннің тарихы» жобасының шығарылым сериясы.

13. «Мәдениет қайраткері» Гүлжан Ахметованың «Ән ғұмырдың жалғасы» айдарының шығарылым сериясы.

14. Апта сайын өткізіліп тұрған «Онлайн жаттығу» айдары, күдіретті балет өнерінде өшпес із қалдырған танымал тұлғаларға арналған «Шеберлерге мың алғыс» өмірбаяндық бағдарлама, ансамбль үшін мүлдем жаңа бағыттағы тікелей эфир «Заманауи хореография бойынша мастер-класс» айдары «Гәкку» би ансамблінің құрамындағы әр әртістің дарынын жаңа қырынан ашып көрсетті.

15. «Мюзикл» театралдық студиясының кішкентай көрермендерге арналған театралдық қойылымдары мен кішігірім ертегілері, таңертеңгілік ойын-сауық бағдарламалары.

15. Филармонияның шығармашылық ұжымдары мен солистерінің қатысуымен мерекелік, күнтізбелік күндерге арналған құттықтау бейнероликтері.



13 шілде



Қазақстан Республикасындағы жалпыұлттық аза тұту күні

2020



ҚР Мәдениет министрлігінің тапсырысы бойынша іске асырылған арнайы жобалар

Ақмола облыстық филармониясы басқа да шығармашылық ұжымдармен қатар ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен ұйымдастырылған шығармашылық жобаларға белсенді қатысты.

Ұлттық Домбыра күнін жаппай мерекелеу



Ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде қоғамды біріктіре түсу мақсатында Мемлекет басшысы әр шілде айының бірінші жексенбісі Домбыра күні ретінде атап өтілсін деп қаулы етті. Осы жылғы шілде айының бірінші жексенбісі 5-ші күнге түсті.

Мерекелік бағдарлама Үкілі Ыбырайдың 160 жылдығына орай камералық хор мен «Гэкку» би ансамблінің, филармония әншісі Шыңғыс Сәрсенбайдың қатысуымен және дирижер Жанат Рашиттың жетекшілік етуімен К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің орындауында композитор Нұрлан Бекеновтың «Үкілі Ақжелең» шығармасымен ашылды. Одан әрі филармонияның басқа да шығармашылық ұжымдарының қатысуымен концерттік бағдарлама жалғасын тапты.

Қазақстандық композитор Серік Нұрмолдаевтың «Этнотерапия» бірегей жобасы Көкшетау қаласында!

Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясында этно-фольклорлық музыканы сүйіп тыңдайтындар мен бағалаушылар үшін тікелей эфирден берілетін онлайн жобасы іске асырылды. Ұлттық аспаптарда ойнаушылар үшін талантты фольклортанушының бұл қойылымы керемет мастер-класс болды.

«Этнотерапия» адамдарға музыканың құдіретті тылсым күшінің әсер етуі арқылы күнделікті күйзелістен арылуына көмектеседі. 32 жасар Серік Нұрмолдаев «Этнотерапия» жобасын 2019 жылы іске асыруды қолға алды.

Бұл бірегей ерекше терапия кезінде ұлттық көне аспаптардан төгілген музыка адамдардың жүйке жүйесіне әсер етіп, алпыс екі тамырын босатып, күйбең тіршілік пен күйзелістен арылуына ықпал етеді.

Ол он бес жасынан бастап ұлттық музыкалық аспаптарды қолына алып, ойнауға үйренді. Ата-анасымен бірге беріле тыңдайтын халық музыкасынан ерекше әсер алып, оның тұңғыығына бойлау мақсатында кәсіби музыкалық білім алуды шешкен.

С.Нұрмолдаев ұлттық музыка аспаптары мен халық музыкасының тереңдігі мен маңыздылығына аса көңіл бөледі. Ол өзінің композиторлық қабілеті - дәстүрлі музыканың әсері дейді.

Сонымен қатар түрік мифологиясы бойынша ұлттық музыкалық аспаптар космос пен планетамен тікелей байланысты дегенге баса назар аударады. «Музыкалық ас-

паптардың тылсым үні адамдарға генетикалық тұрғыдан әсер етіп, трансқа түсуіне әсер етеді»-дейді.

Ол бір жыл бұрын іске қосқан бұл жоба, музыкалық терапия күйзелісті емдеуге көмектесетіндігіне сенімді.

Сонымен қатар филармония қазақ эстрадасының негізін қалаушылардың бірі, вальс падишасы және Қазақстанның Халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдығына арналған халықаралық ән челленджіне қатысты. Бұл челлендж отандық эстраданы танымал етуге және ұлттық шығармашылық рухты сақтауға бағытталған.

Нәтижесінде біз «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымның директоры Ж.Сейдоллаұлының алғыс хатын алдық, бұл біз үшін шексіз құрмет.



«СЕН БЕ, КӨКШЕ, СҰЛУЛЫҚТЫҢ АРҚАУЫ»

«ЖАЗ ӘУЕНДЕРІ» жобасы аясында Қазақстан өңірінің барлық концерттік ұйымдарының «концерт-эстафетасына» «Гәкку» би ансамблі мен филармония солистері, Кенжебек Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі «СЕН БЕ, КӨКШЕ, СҰЛУЛЫҚТЫҢ АРҚАУЫ» концертімен қатысып өнер көрсетті.

Концерттің Онлайн көрсетілімі 9 тамызда сағат 19.00-де Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің YouTube арнасында өтті.

«Танымал кинофильмдерге саундтректер»



Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының симфониялық оркестрі бас дирижері Берік Сарыбайдың жетекшілік етуімен «Танымал кинофильмдерге саундтректер» концертін берді.

Филармонияның симфониялық оркестрі өзінің 30 жылдық қызметінің ішінде эстрадалық және классикалық алғашқы бағдарламаларынан бастап театрландырылған қойылымдарға дейін меңгеріп, шеберлігі шыңдалған музыкалық ұжымға лайықты өнер жолын абыроймен өтіп, көрермендерін түрлі дәуірлер мен стильдердеге музыкамен сусындатып, қызықты және алуан түрлі қой-

ылымдармен таң қалдырды. Біздің симфониялық оркестрдің негізінде шығармашылық жобалар аясында ең монументалды музыкалық жанр – опералар қойылды.

Біздің әрқайсымыздың сүйікті саундтрекіміз бар, ол - Ханс Циммердің түпнұсқа әуендері ме, немесе Эннио Морриконең жан-дүниенді жаулап алатын әуендері болуы мүмкін.

Музыка бізге түрлі эмоциялар береді: ол тыныштандырады, жігерлендіреді, шабыттандырады, қайғыртады, қорқыныш сезімін сездірте де алады. Міне тыңдаушыға

осындай бір сезімді жеткізу үшін композитордың керемет таланты болуы керек. Саундтрек жалпы болуы мүмкін, егер әуен фондық болса, ал музыканың рөлінде белгілі бір көңіл-күйді жеткізу керек болғанда ол негізгі болады. Соңғы жағдайда, көрермен өзгерісті сезінуі үшін оны ерекшелендіріп, жарқын етеді.

Кейде фильмге арналып жазылған музыка кереметтей күшті болып шығады, сондықтан да халықтың есінде фильмге қарағанда ерекше сақталып қалады және ең үздік осы әуендер өз өмірін сүреді, көрермендер тіпті өзінің сүйікті музыкалық тақырыбы фильмдегі бір суретке арналып жазылғанын да білмеуі мүмкін.

Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының симфониялық оркестрі экрандағы әйгілі туындылардың ең қызықты, ең әсерлі композициялар топтамасын көрермендеріне ұсынды.

«СӘЛЕМ, ЕЛОРДА!» I РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ



2020 жылдың 20 қарашасында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен «СӘЛЕМ, ЕЛОРДА!» I Республикалық өнер фестивалінің салтанатты ашылуы өтті.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы телевизиялық форматтағы фестиваль барлық облыстар мен қалаларды біріктірді, шығармашылық ұжымдардың имиджі мен әлеуетін қолдады, еліміздің ұлттық құндылықтарын ашты, сондай-ақ 2020 жылғы республикалық деңгейдегі барлық мерейтойлық күндерді қамтыды.

Филармонияның шығармашылық ұжымдары осы фестивальде облысымыздың абыройын асқақтатты. Фестивальдің гала-концертінде (Нұр-Сұлтан қ.) еліміздің атақты әртістерімен қатар бір сахнада «Гәкку» би ансамблі мен филармония әншісі

Фархат Сағымбай өнер көрсетті.

Мәдениет және өнер фестивалі Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын Орданың 750 жылдығы, Ұлы Абайдың 175 жылдығы, Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдығы, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы, сондай-ақ Қазақстан халқы ассамблеясының 25 жылдығы сынды атаулы күндерді қамтыды.

Фестиваль координаторы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы жанындағы «Республикалық концерттік-гастрольдік қызмет орталығы».

Облыстық филармония мен концерттік ұйымдардың концерттерінің түсірілімі Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының өңірлік бөлімшелерімен түсірілді.

Бекітілген кестеге сәйкес барлық концерттік бағдарламалар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің YouTube арнасында, содан кейін «Qazaqstan» ұлттық арнасының өңірлік филиалдарында көрсетілді.

«СӘЛЕМ, ЕЛОРДА» I Республикалық мәдениет және өнер фестивалі Қазақстан-

ның барлық облыстарының жыл сайынғы дәстүрлі шығармашылық шеруіне айналады және мәдени жобалар арасында ерекше орынға ие болады.

Мәселелер мен оларды шешу жолдары

Мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізумен, тұрғындардың мәдени демалуына жағдай жасаумен ең үздік шығармашылық ұжымдар: К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі, симфониялық оркестр, эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрі, «Гәкку» би ансамблі, «Айнакөл» фольклорлық ансамблі, камералық музыка ансамблі, камералық хор мен «Мюзикл театралдық студиясы» айналысады. Барлығы 196 адам, оның 165-і шығармашылық тұлғалар. 2500-ден астам шығарма мен 100-ден астам қойылым. Осы шығармашылық шабыт пен сандардың артында тек өз ісіне берілген адамдардың еңбегі мен жетістіктері ғана тұрған жоқ, сонымен қатар, баса назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелер тұр.

Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму Стратегиясындағы басым міндеттердің бірінде қоғамды дамытудағы интеллигенцияның рөліне ерекше назар аударылады: «Біз жастарымыз бетке ұстап, үлгі тұтар өз заманымыздың жаңа кейіпкерлерін жасап, көрсетуіміз керек» делінген. Оркестр тұрақты даму жолында дарынды бірегей жас әртістер толқынымен жыл сайын толығу үстінде, осыған байланысты оркестрдің әрі қарай да жемісті жұмыс істеуі үшін ұжымды тәжірибелі, кәсіби, жас дирижер басқаруы қажет.

Қазіргі таңда оркестрдің бас дирижері лауазымына біздің оркестрмен жұмыс істеуге үлкен ықылас білдірген, болашағы зор жас дирижерлер кірісуге дайын. Олармен тез арада жұмысты бастау үшін оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету қажет. Бұл мәселені шешу үшін біз тұрғын үй беру көмегі мен қолдауына иек артамыз.



Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарында жеті маңызды жүйелі реформаның айналасында құрылған ұлттық бірегейлікті сақтау жөніндегі басым саясаттардың бірінде «Бәсекеге қабілетті қолжетімді мәдени ортаны қалыптастыру, шығармашылықты қолдау» міндеті айшықталып, онда шығармашылық бірлестіктердің, мәдениет ұйымдардың бәсекелестік артықшылықтарын нығайту үшін жағдай жасау қажеттігі айтылған.

Филармонияның шығармашылық ұжымдарын тиісті қамтамасыз ету мәселесі бұрыннан бар. Құрамы үлкен ұжымдар үшін де, жеке дайындалулар үшін де дайындық жасайтын жайлардың жетіспеуіне байланысты концерттер мен дайындықтарды бір уақытта өткізу мүмкін емес. Ал қазіргі қолда бар жайлар санитарлық нормалар бойынша 30-50 адамнан тұратын ұжымдардың дайындалуына арналмаған. Сондай-ақ, филармонияда грим жасайтын бөлмелер мен оларға қажетті құрамдастары жоқ.

Кадр тапшылығы мәселесін (симфонияға, қазақ халық аспаптары оркестріне және «Домбырамен ән салу» жанрын неғұрлым терең дамыту мақсатында музыканттарды тарту қажеттілігін) ескере отыра, біздің өңірге белгілі бір шарттармен (тұрғын үй берілсе) ғана келуге дайын жас мамандарды тарту қажеттілігі өткір туындап тұр.

Жоғарыда санамаланған мәселелер қосымша корпус салынған жағдайда өз

шешімін табар еді, атап айтсақ: жаттығу бөлмелері мен жас мамандарға арналған жатақхана мәселесі.

Сондай-ақ филармония ғимарат салуға арналған жер учаскесінің меншік құқығына ие екеніндігін қоса айта кеткен жөн. Қаланың техникалық қызметтерінен қосымша корпус салуға рұқсат та бар. Жобалау-сметалық құжаттаманы жасау үшін филармония ғимаратына жапсарлас салынатын құрылыстың (қосымша үй-жайдың) жобасы (эскизі) дайындалды.

Бізге қосымша корпус салу мәселесінің оң шешілуі өте қажет. Бұл облысымыздағы мәдениеттің өркендеуіне, одан әрі дамуына қарқынды серпін берері сөзсіз.

Тағы бір мәселе дайын шығармашылық материалды көрерменге тікелей жеткізуге қатысты.

Филармония концерт залы камералық, акустикалық тұрғыдан алғанда оркестрлік концерттер беруге, классикалық полотнолар қоюға ыңғайлы, өте қолайлы орын. Дегенмен, ұжымдардың толыққанды жұмыс істеуі үшін заманымызға лайықты жаңа техникалық жабдықтар қажет:

- барып берілетін концерттер кезінде кәсіби өнер көрсету үшін тасымалданатын музыкалық-акустикалық аппаратураны сатып алу қажет;
- заманауи технологиялық талаптарға сай болу үшін және тақырыптық бейнеконтентпен қамтамасыз ету мақсатында филармонияның концерт залының сахнасына LED-экран қажет;
- гастрольдік концерттердің сапалы, толыққанды өтуі үшін қосымша жарық және дыбыс жабдықтары қажет;
- гастрольдер кезінде жүріп-тұру үшін Газель автомашинасын сатып алу қажет және филармонияның балансында тұрған НЕФАЗ автобусын жөндеу қажет.

Бейнеконтент туралы тақырыпқа: өткен жылы біздің симфониялық оркестрмен Қостанай қаласында «Liner music-cinema» концерті LED экрандардың көмегінің арқасында фантастикалық визуалды шолуымен көрермендердің назарына ұсынылды. Қостанайлықтардың қуанышында шек болмады! Өкінішке орай, біздің ақмолалық көрермендер мұндай көріністерден құр алақан.

Сонымен қатар визуалды әсерден басқа, біздің көрермен өз тарихынан айрылуы да мүмкін. Бізде дыбыс жазу студиясы жоқ, тиісінше біздің ұжымдармен орындалатын шығармаларды сапалы жазып қалдыратын музыкалық мұрағат (фонотека) да жоқ.

Жоғарыда аталған «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасында, оны іске асыру тек мемлекет қолдауының арқасында және құрамына облыстық әкімдіктер де кіретін барлық мүдделі және тартылған республикалық ведомстволар мен министрліктердің негізінде ғана мүмкін екендігі айтылған.

Қоғам және мәдениет қайраткері Н. Крупскаяның «Мәдениет — бұл барлық жетістіктерді бекітетін цемент» деген сөзі де осының айғағы.

Ақмола облыстық филармониясының болашақта да жемісті, жоғары шығармашылық деңгейі жұмыс істеуі үшін жағдай жасап, көмек көрсететіндіктеріңізген үміт артамыз.



10 ТАМЫЗ
август
august

Абай Құнанбайұлының
175 ЖЫЛДЫҒЫНА арналған
тақырыптық бағдарламалар мен
ойдарлар (концерттік нөмірлер)
Шығармашылық ұжымдар
және солистер

175

Филармония

@philarmoney_kokshetau
2020

17 ЖЕЛТОҚСАН
декабрь
december

«Тәуелсіздік
тұғырым»
атты Сәрсенбай Хасеновтің
жеке концерті

«Kökshetau» телеарнасынан
трансляциялау
KÖKSHE

@philarmoney_kokshetau
2020

17 ТАМЫЗ
август
august

Филармония өншілерінің
қатысуымен
**«Көк майсалы Көкшетау -
жерің көркем»**
ойдары

@philarmoney_kokshetau
2020

1 ҚАЗАН
октябрь
october

Международный
день музыки

Oswaldo Farres, Joe Davis
«Perhaps»
Кавер-версия
Эльмира Камарницкая

@philarmoney_kokshetau
2020

17 ҚАРАША
ноябрь
november

«Гәккү би» ансамблінң соңғы
баллур. Қадымамен
қалақ халқының ұлттық өшкелемгері туралы
білім беріс

Жетекшісі
Гүлмира Ордабаева

@philarmoney_kokshetau
2020

16 ЖЕЛТОҚСАН

Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздік күні

2020

30 ҚАРАША
ноябрь
november

ОНЛАЙН
ЗАРЯДКА
с артистами
ансамбля танца «Гәккү»
Дана Рахимова
Айгана Распаева
Рихосидель
Гүлмира Ордабаева

Для самых
любых зрителей

@galku_bi_ensemble
2020

22 ТАМЫЗ
август
august

Francesco Sartori,
Lucio Quarantotto
«Canto Della Terra»

Сериялосан, Евеллодин
Амоз Камарницкая

@philarmoney_kokshetau
2020

1 ҚАЗАН
октябрь
october

А.Қарабаев, И.Соларбай
«Сен болмасаң»
Эльмира Камарницкая,
Фархат Сағымбай

@philarmoney_kokshetau
2020

29 ТАМЫЗ
август
august

Анна Осипова
**«СИЛЬНЫЕ
ЛЮДИ»**
Анастасия
Волощина

@philarmoney_kokshetau
2020

16 ТАМЫЗ
август
august

Ian Clarke
«Maya»
Анна Батукова (фмейто)
Ольга Гергель (фортепиано)

@philarmoney_kokshetau
2020

28 ҚЫРКҮЙЕК
сентябрь
september

Филармония ұжымдарының
шығармашылығының бір күні.
«ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ»
ЖОБАСЫ
«Айнақалы» фольклорлық ансамблінң жетекшісі
Әнуарбек Рахымалинның
өмірі мен шығармашылығына
арналады.
Жобаның авторы және жүргізушісі
Сәрсенбай Хасенов

@philarmoney_kokshetau
2020

14 ҚЫРКҮЙЕК
сентябрь
september

**«Один день
из жизни филармонии»**
Беседа с главным дирижером
эстрадно-духового оркестра
Ерназаром Уразалиным
Автор проекта и ведущий Сәрсенбай Хасенов

@philarmoney_kokshetau
2020

11 ТАМЫЗ
август
august

Музыка из к/ф «Рамнина Джавиди»
**«ИГРА
ПРЕСТОЛОВ»**
Симфонический оркестр
Дирижер Берик Сарыбай

@philarmoney_kokshetau
2020

18 ҚАЗАН
октябрь
october

12:00
11:00 по ЕКБ
Открытый класс - концерт
по современной хореографии
в рамках «Классы танца» концерта
студента УЭГП Алинэ Теміржановна
Ансамбль танца «Гәккү»
Гүлмира Ордабаева
ПРЯМОЙ ЭФИР
@philarmoney_kokshetau

2020

21 ТАМЫЗ
август
august

Mayra
Baidynysba
«Nah neh nah»
Vaya Con Dios

@philarmoney_kokshetau
2020

4 ТАМЫЗ
август
august

В рубрике
**«Мультишнын
бодыячол»**
Онлайн-зарядка
с героями мультифильмов
«MOANA»
Театральная студия «Музыка»
Руководитель Татьяна Кирьянова

@philarmoney_kokshetau
2020

21 МАМЫР

Мәдениет және өнер
саласының
қызметкерлері күні!

2020

16 ҚАРАША
ноябрь
november

Dick Dale
Саундтрек из к/ф «Такси»
«ТАКСИ»
В исполнении
симфонического оркестра
Главный дирижер
Берик Сарыбай

@philarmoney_kokshetau
2020

31 ЖЕЛТОҚСАН
декабрь
december

Новогодний
мини-концерт
**«PERFECT
SAX»**
Дмитрий Петюль

@philarmoney_kokshetau
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

30 желтоқсан
декабрь

16

«Тәуелсіздік жыры»
концерті

@philharmony_kokshetau
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

3 ақпан
january

David Garrett
«MIDNIGHT WALTZ»
Жумабай Омарова
Ансамбль танца «Гакку»

@philharmony_kokshetau
2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

30 желтоқсан
декабрь

Новогоднее
музыкальное поздравление
George Michael
«LAST CHRISTMAS»
Артист
Симфонического оркестра
Дастен Ашербеков

@philharmony_kokshetau
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

20 желтоқсан
декабрь

«Гакку» би ансамблінің өртісі
Жантемір Аружан
Жетекшісі
Гульмира Ордабаева

«Akky» Н.Тлендиев

@philharmony_kokshetau
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

26 қараша
ноябрь

«Кербез сұлу»
Ермұрат Үсенов
К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің өртісі
Әбдісерік Қомашев,
Досқан Қошанов

@philharmony_kokshetau
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

ONLINE

«Шақысын әсем әуен, би билесін, күй төгілсін!»

21 желтоқсан	«Әуелі әлемдегі» әлемдік аспаптар оркестрі Жетекшісі Гульмира Ордабаева
22 желтоқсан	«Филармония өмірінен бір күн» күйлері мен аспаптар оркестрінің әлемдік халық аспаптар оркестрі Түркістан Аманжолы, сұлу Жобаның авторы - аспаптар оркестрі Серсенбай Хасенов
23 желтоқсан	«Сенен, күйі» аспаптар оркестрі мен аспаптар оркестрінің әлемдік халық аспаптар оркестрі Түркістан Аманжолы, сұлу Жобаның авторы - аспаптар оркестрі Серсенбай Хасенов
24 желтоқсан	«Сенен, күйі» аспаптар оркестрі мен аспаптар оркестрінің әлемдік халық аспаптар оркестрі Түркістан Аманжолы, сұлу Жобаның авторы - аспаптар оркестрі Серсенбай Хасенов
25 желтоқсан	«Сенен, күйі» аспаптар оркестрі мен аспаптар оркестрінің әлемдік халық аспаптар оркестрі Түркістан Аманжолы, сұлу Жобаның авторы - аспаптар оркестрі Серсенбай Хасенов

@philharmony_kokshetau

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

12 тамыз
август

М.Гусериев, И.Крутой
«Любовь усталивших лебедей»
Д.Петель,
А.Ахмедов

@philharmony_kokshetau
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

14 желтоқсан
декабрь

ONLINE
ЗАРЯДКА
с артистами
ансамбля танца «Гакку»
Болнур Кабана
Аида Жуен
Дарья Чубарова
Руководитель
Гульмира Ордабаева

@philharmony_kokshetau
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

19 қараша
ноябрь

«Филармония өмірінен бір күн»
Кенжебек Күмісбеков атындағы
қазақ халық аспаптар оркестрінің өртісі
Беркібек Зарапұлмен сұлу
Жобаның авторы әрі жүргізушісі
Серсенбай Хасенов

@philharmony_kokshetau
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

1 қазан

«Халықаралық
музыка күні»

@philharmony_kokshetau
2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ФИЛАРМОНИЯСЫ

31 желтоқсан
декабрь

Новогоднее поздравление
RETRO DANCE
Ансамбль
танца «Гакку»
Хореограф
Алина Теміргазина
Жетекшісі
Гульмира Ордабаева

@philharmony_kokshetau
2020

